

**№38 «Көгерту» бастауыш білім беретін мектеп» КММ
Әдістемелік бірлестіктің №2 хаттамасы**

Откізген уақыты: 10.11.2023ж
Қатысканы: 6

Күн тәртібінде:

- 1.1-тоқсанның қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуы. 0-кесінді бақылау жұмыстармен салыстыру қорытындысын шығару.
- 2.2-4 сынып оқушыларының күнделіктерін тексеру нәтижесі.
- 3.Бастауыш сыныптардың бақылау жұмыстарының қорытындысы.
- 4.Мектепшілік «Алтын сақа» олимпиадасының қорытындылары туралы.
5. 1-сынып оқушыларының бейімделуі,психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмысының нәтижесі.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Сапарова сөз алып,

1-тоқсанның қорытындысын және бағдарламаның орындалуы туралы қысқаша айтып шықты. 1-тоқсанның қазақ тілі,математика пәндерінің оқу сапасы мен үлгерімі кестесі тапсырылды және 0-дік кесінді жұмыстарымен салыстырылды. Барлық сыныптарын оқушылары 1-тоқсанның бағдарламасын меңгерді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А.Сапарва сөзге шығып, 2-4 сынып оқушыларының ауыспалы дәптерлері мен күнделіктері тексерілді. Соның нәтижесі бойынша кемшіліктерін толық айтып, жазған анықтамасымен таныстырды. Барлық талаптарға сай толтырған күнделіктер 4 «а»- сынып оқушылары.Сынып жетекшісі С.Файзова.

3.Үшінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі А.Ахметова 3-4 сынып оқушыларынан әкімшілік бақылау жұмысы алынды. Бақылау жұмыстары бойынша әр сыныптың білім сапасы және үлгерімі жөнінде айтып шықты. Әр тоқсанның соңында әкімшілік тарапынан бақылау жұмыстары алынып отыратындығын айтты.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектепшілік олимпиаданың қорытындылары туралы А.Сапарова сөзге шығып 2023 жылдың 22 қыркүйек күні мектеп базасында 3-4 сынып оқушыларына математика пәнінен мектепшілік олимпиада өткізілгендігін айтып өтті. Мектепшілік олимпиадаға 3-4 сынып оқушылары өздерінің жақсы білімін көрсеткендігін, қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар берілгендігін және олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысатын оқушылардың нақтыланғандығын айтып өтті.

Жарыс сөзге мектеп меңгерушісі А.Ахметова шығып олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысатын оқушылармен тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізу керектігін айтып өтті.

5.Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы А.Есенқұлова 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөніндегі есебін берді. Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.Алты жасар баланың алғаш рет мектепке келуі –балаға да және оның ата-анасына да өте жауапкершілікті кезең болады. Биылғы 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпта 10 оқушы болды. Аталған 10 оқушының барлығы түгелдей мектептің даярлық тобында болған. Оқушылардың барлығы мектептің дайындық тобында

болгандыктан мектепке бейімделуі және олармен тіл табысу қиынға соққан жоктығы туралы айтып өтті.

Шешім:

1. 1-тоқсанның нәтижесі бойынша бастауыш сыныптардың сапасының мониторингі тапсырылсын.
2. Алдағы уақытта оқушы күнделіктері барлық талаптарға сай толтырылсын.
3. Әр тоқсан сайын әкімшілік бақылау жұмыстары алынсын, оқушылардың білім деңгейін көтеру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
4. Олимпиаданың аудандық кезеңіне баратын оқушылармен дайындық жұмыстары күшейтілсін.
5. А.Есенқұлованың 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша есебі қанағаттанарлық деп табылсын.



А.Сапарова
Г.Акбарова